

Ленин тұң

ҚК(б)П Саяси және Қазіргішкі облыстық комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Советінің және ҚК(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

№ 91 (7051) | Бейсенбі 10 май 1945 жыл | Шығуына 27-жыл
Жеке саны 20 тыйым

И. В. Сталин жолдастың халыққа арнаған үндеуі

Жолдастар! Отандастарым!

Германияны жеңуіміздің ұлы күні жетті. Қызыл Армия мен Одақтастарымыздың әскерлері тізе бүккізген фашистік Германия өзінің жеңілгендігін мойындап, сөзсіз тізе бүгетіндігін жариялады.

7 майда Реймс қаласында тізе бүгудің алдын-ала жасалған протоколына қол қойылды. 8 майда немістердің бас командованиясі Одақтастар әскерлерінің Жоғарғы Командованиясі мен совет әскерлерінің Жоғарғы Бас Командованиясі өкілдерінің қатысуымен, Берлинде тізе бүгудің түпкілікті актісіне қол қойды, мұны орындау ісі 8 майда 24 сағаттан басталды.

Шарттар мен келісімдерді жай ғана қағаз деп есептейтін неміс билеп-төстеушілердің жауыздық ниетін білгендіктен, олардың сөзіне сенуге дәлеліміз жоқ. Алайда неміс әскерлері тізе бүгу актісін орындау ретінде бүгін таңертеңнен бастап, жаппай қару тастап, әскерлерімізге қолға беріле бастады. Мұның өзі жай ғана қағаз емес. Бұл—Германияның қарулы күштерінің шын мәнінде тізе бүгу. Рас, Чехословакия ауданында неміс әскерлерінің бір тобы әлі де белса тізе бүгуден бас тартып отыр. Алайда, Қызыл Армия оны сезіміне келтіреді деп сенемін.

Енді біз Германияны біржолата талқандаудың тарихи күні, герман империализміне қарсы күресте халқымыздың ұлы жеңіске жететін күні туды деп мәлімдеуге толық дәлеліміз бар.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігінің мүддесі үшін біздің көп құрбан еткеніміз, Отан қамбасына жұмсаған тыл дағы және майдандағы қанырлы еңбегіміз,—текше нәтижесі жоқ және бұлар жауды толық жеңіп шығуға жеткізді. Славян халықтарының өздерінің тіршілігі және тәуелсіздігі үшін ғасырлар бойына жүргізген күресі неміс басқыншыларды және немістердің озбырлығын біржолата жеңіп шығумен аяқталды.

Бұдан былай Еуропа үетінде халықтар бостандығының және халықтар арасындағы бейбітшіліктің ұлы туы желбірейтін болады.

Бұдан үш жыл бұрын бүкіл халық алдында, Гитлер Советтер Одағын бөлшеңтеу және одан Кавказды, Украинаны, Белоруссияны, Прибалтықты және басқа облыстарды бөліп алуды мақсат ететіндігін мәлімдеген болатын. Ол: «Біз Ре сөйді ол енді қайтып бас көтере алмастай етіп жоюмыз» деп тінелей мәлімдеді. Бұл бұдан үш жыл бұрын болған еді. Бірақ Гитлердің есуастық идеялары жүзеге аспақшы емес еді,—соғыстың барысы олардың күл-талқанын шығарды. Істің жайы гитлершілдердің сандырағына тікелей керісінше болып шықты. Германия толық талқандалды. Герман әскерлері тізе бүгіп жатыр. Германияны бөлшеңтеуді де, жоюды да көздегенмен, Советтер Одағы жеңісті мерекелеп отыр.

Жолдастар! Ұлы Отан соғысы біздің толық жеңіске жетуімізбен аяқталды. Еуропада соғыс кезеңі бітті. Бейбіт өркендеу кезеңі басталды.

Менің нымбатты отандастарым, Сіздерді жеңіспен құттықтаймын!
ОТАНЫМЫЗДЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІН ҚОРҒАП ҚАЛҒАН ЖӘНЕ ЖАУДЫ ЖЕҢІП ШЫҚҚАН БАТЫР ҚЫЗЫЛ АРМИЯМЫЗДЫҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!
ЖЕҢГЕН ХАЛЫҚ БІЗДІҢ ҰЛЫ ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!
ЖАУҒА ҚАРСЫ ОРЫСТАРДА ҚАЗА ТАПҚАН ЖӘНЕ ӨЗДЕРІНІҢ ӨМІРІН

Жолдастар! Ұлы Отан соғысы біздің толық жеңісімізбен аяқталды. Еуропада соғыс кезеңі бітті. Бейбіт өркендеу кезеңі басталды. И. СТАЛИН.



Жоғарғы Бас қолбасшының

ЖЕҢІС МЕРЕКЕСІ!

Жеңіс!

Жеңіс! деген ұлы, жарқын, қуанышты сөз елімізге тез тарады.

Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталды. Қызыл Армия мен Одақтастарымыздың армиялары гитлершіл Германияны толық талқандады. Совет әскерлері жеңіп алған Германия астанасы Берлинде. Советтер Одағының Маршалы Жуков пен Одақтастардың Еуропадағы әскерлерінің өкілдері немістердің жоғарғы командованиясіне тізе бүгу шарттарын қабылдады. Неміс-фашист армиясы өмір сүруден қалды. Гитлердің қарақшы мемлекетінің күлі көкке ұшты.

Адамзат тарихына жаңа бет қосылды. Қызыл Армия батырларының ерлік істері отан алтын әріптермен жазылды. Халықтарды азат етуші оның даңқы арта берсін! Қызыл Армияны ұйымдастырған біздің данышпан қолбасшымыз, кеменгер көсеміміз Сталин жолдастың мерейі үстем болып, даңқы арта берсін!

Халықтардың хасиетті, әділ ісі, олардың тәуелсіздігі, ынтымағы мен достығы фашистердің аяуандығына қарсы салтанат құрды. Халықтардың гитлершіл Германияға қарсы күресінде оларды ыдыратуға жау сансыз көп әрекет жасады. Бірақ жаудың барлық жауыздық әрекеті күйреді. Қызыл Армия жаудың арам ойының күл-талқанын шығарды. Герман әскерлері Қызыл Армия мен Одақтастарымыз алдында тізе бүкті. Совет халқы зор қуанышқа бөленді. Сталин жолдас соғыс күндерінде, мереке күні бізде де болады деді. Міне бұл мереке гүлденген көктеммен, жеңісіміздің жарқын сәулетімен бірге келді.

Совет халқының неміс-фашист басқыншыларға қарсы Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталуы хұрметіне және гитлершіл Германияның толық талқандалуымен аяқталған. Қызыл Армияның қол жеткен тарихи жеңістері хұрметіне, ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша, 9 май күні бүкіл халықтық

Біз Қызыл Армияның жеңісін мереке дейміз және ол азат еткен Еуропа халықтары бізбен бірге мерекелейді. Біздің бүкіл халықтық мерекеміз туысқан славян халықтарының мерекесімен ұласып отыр. Славян халықтарының қас жауына қарсы жалпыға ортақ ұрыс даласында қам мен шыныққан халықтар достығы өзінің зор жемісін берді.

Біз Қызыл Армияның жеңісін мереке дейміз және бізбен бірге барлық бостандық сүйгіш халықтар, біздің одақтастарымыз шаттанады. Гитлершіл Германияның талқандалуы мәдениетті, демократияның қорғаудың жоғары идеяларымен жігерленген Біріккен Ұлттардың тегеуірініне жаудың ешқандай күші төтеп бере алмайтындығын көрсетті. Неміс-фашист басқыншыларды талқандауда Қызыл Армия мен біздің бүкіл халқымыздың негізгі, шешуші роль атқарғандығын мақтаныш етеміз.

Біз ауыр жылдардан өттік, неміс фашистерінің аяуандық істеуінен, қалаларымыз бен селоларымызды, заводтарымыз бен колхоздарымызды қыратып-бүлдіруінен орасан көп зиян шектік. Бірақ етвет мемлекетінің сарқылмас мол күш-қуаты бар.

Соғыста шыныққан совет халқы Ұлы Отан соғысынан күшті, тегеуірінді болып мүдірмей өтті. Ол өз еліне сүйіспеншілікпен қарайды.

Алдағы уақытта көп еңбек істеуге тура келеді. Тарихи жеңіске жеттік, жау талқандалды, дегенмен жеңісімізді баянды етуіміз керек. Сталин жолдас былай деген болатын:

«Германияға қарсы соғыста ұту Ұлы тарихи істің жүзеге асырылуы болады. Бірақ соғыстағы ұтқандық халықтардың баянды бейбітшілікке қолы жетуін, келе шекте қауіпсіз болуына сенуін әлі де қамтамасыз еткендік болып табылмайды. Міндет тек соғыста ұту ғана емес, мұны мен қатап, мәңгіге болмағанмен әлі бол-

Соғыс-Теңіз Флотына

БҮЙРҮҒЫ

1945 жылғы 8 майда Берлинде Германияның Жоғарғы Командованиесінің өкілдері германияның қарулы күштерінің сөзсіз тізе бүгетіндігі туралы актіге қол қойды.

Неміс-фашист басқыншыларға қарсы совет халқы жүргізген Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталды. Германия толық талқандалды.

Жолдастар, армия мен флоттың қызылөскерлері, қызылфлотшылары, сержанттары, старшиналары, офицерлері, генералдар, адмиралдар мен маршалдар Сіздерді Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталуымен құттықтаймын!

Германияны толық жеңу хұрметіне, бүгін, 9 майда, **ЖЕҢІС КҮНІ**, 22 сағатта Отанымыздың астанасы **МОСКВА** бір мың зеңбіректен отыз дүркін артиллерия оғын атып, бұл тамаша жеңіске жеткен Қызыл Армияның айбынды әскерлеріне, Соғыс-Теңіз Флотының кемелері мен бөлімдеріне Отанымыз атынан хұрмет көрсетеді.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыстарда қаза тапқан батырлардың даңқы мәңгі өшпесін!

Жеңімпаз Қызыл Армия мен Соғыс-Теңіз Флоты жасасын!

Жоғарғы Бас қолбасшы

Советтер Одағының Маршалы И. СТАЛИН.

1945 жылғы 9 май.

№ 369.

МОСКВА, КРЕМЛЬ

Сталин жолдасқа

ҚЫМБАТТЫ ИОСИФ ВИССАРИОНОВИЧ!

Бүгін бүкіл совет халқы, дүние жүзі идегі бүкіл алдыңғы қатарлы және прогресшіл адамзат даңқты жеңіс күнін мерекелеп отыр. Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталды.

Гитлершіл Германия толық талқандалып, сөзсіз тізе бүкті.

Бұл даңқты мерекеге совет халқын коммунистік партия, біздің қымбатты көсеміміз және көмеңгер ұстазымыз Сталин жолдас, Сіз жеткіздіңіз.

Отанымыздың тағдыры, оның бостандығы тәуелсіздігі мен намысы шешілген тарихи күресте, біздің қымбатты көсеміміз және өнеміз Сіз бүкіл совет халқын біртұтас соғыс лагеріне топтандырып, оның барлық күш-қайратын бір мақсатқа—жауды біржолата жеңіп шығу мақсатына жұмылдырдыңыз.

Көмеңгер Лениннің жеңімпаз туы совет адамдарын жойқын ұрыста және еңбек майданында Отанымыздың даңқы үшін мәңгі өшпес ерлік істерге жігерлендірді. Халқымыз бен армиямызды бұл ерлік істерге Сталин жолдас, Сіз данышпандықпен бастап, рухтандырдыңыз. Сіздің данышпандық басшылығыңыз арқасында, алдағыны болжағыш көрегейдігіңіз және қолбасшылық көмеңгерлігіңіз арқасында біз тарихи жеңіске жетіп, бүгін фашизмнің қара күшін жеңіп шыққанмыз. Мерекелі күнімізді мейрамдап отырмыз. Бұл үшін біз Сізге борыштымыз.

Сіздің данышпандық басшылығыңыз арқасында, жеңіске жету үшін біз күш-қайратымызды аянбай жұмсадық. Батыр Қызыл Армия заводтарымызда өз қолымызбен жасалған қару-жарақпен жеңсұрын жауды талқандады. Біз Қызыл Армия жауынгерлерін қамқорлықпен киіндіріп, оны азық-түлікпен тыңғылықты түрде жабдықтадық. Міне қазір, айбынды совет жауынгерлеріне өзіміздің алғысымызды айта отырып, Ұлы Отанымыздың соғыстық күш-қуатын бұрынғыдан да арттырып, нығайта беру үшін өзіміздің күш-жігерімізді аянбай жұмсаймыз деп қымбатты көсеміміз және ұстазымыз Сізге сөрт береміз.

Қымбатты Иосиф Виссарионович, Ұлы жеңіске жеткізгеніңіз үшін біз, Петропавл қаласының еңбекшілері бүгінгі мерекелі күні Сізге шын жүректен шексіз алғыс айтамыз.

Біздің қымбатты көсеміміз және көмеңгер ұстазымыз көп жасаңыз.

Жеңімпаз армия —біздің батыр Қызыл Армия жасасын!

Біздің ұлы совет халқы жасасын!

Біздің айбынды және жеңімпаз Советтік Отанымыз жасасын!

Совет халқының ұлы жеңістеріне дем беруші және ұйымдастырушы сүйікті көсеміміз, ұстазымыз және өнеміз көмеңгер Сталин жасасын!

1-УКРАИН майданының әскерлері танк құрамалары мен жау әскерлердің түнде қауырт әдіс жасауы нәтижесінде, дұшпанның қарсылығын жеңді, сөйтіп, 9 майда, таңертеңгі сағат 4те, бізбен одақтас Чехословакияның астанасы—ПРАГА қаласын неміс басқыншылардан азат етті.

ПРАГАНЫ азат ету ұрыстарында генерал-полковник **ГОРДОВТЫҢ**, генерал-полковник **ПУХОВТЫҢ**, генерал-полковник **ЖАДОВТЫҢ**, генерал-лейтенант **МАЛАНДИННІҢ**, генерал-майор **ЛЯМИННІҢ**, полковник **ЗЕЛИНСКИЙДІҢ**, генерал-лейтенант **ЧЕРОКМАНОВТЫҢ**, генерал-лейтенант **ПУЗИКОВТЫҢ**, генерал-майор **БАКЛАНОВТЫҢ**, полковник **ИВАНОВТЫҢ**, генерал-майор **ОРЛОВТЫҢ**, генерал-майор **ДАНИЛОВСКИЙДІҢ**, генерал-майор **ВОЛКОВИЧТИҢ**, генерал-майор **КРАСНОВТЫҢ** әскерлері; генерал-полковник **ЛЕЛЮЩЕНКОНЫҢ**, генерал-полковник **РЫБАЛКОВЫҢ**, танк әскерлерінің генерал-полковнигі **НОВИКОВТЫҢ**, танк әскерлерінің генерал-майоры **УПМАННЫҢ**, танк әскерлерінің генерал-майоры **БАХМЕТЬЕВТИҢ**, танк әскерлерінің генерал-лейтенанты **БЕЛОВТЫҢ**, танк әскерлерінің генерал-майоры **ЕРМАНОВТЫҢ**, полковник **ПУШКАРЕВТИҢ**, полковник **ХМЫЛОВТЫҢ**, танк әскерлерінің генерал-майоры **МИТРОФАНОВТЫҢ**, танк әскерлерінің генерал-майоры **НОВИКОВТЫҢ**, танк әскерлерінің генерал-лейтенанты **СУХОВТЫҢ**, подполковник **КАРЮШКИННІҢ**, подполковник **ЩЕРБАКТИҢ**, полковник **СЕЛИВАНЧИХТИҢ**, полковник **ТУРНИННІҢ** танкшілері; артиллерия генерал-полковнигі **ВАРЕНЦОВТЫҢ**, артиллерия генерал-лейтенанты **КОЖУХОВТЫҢ**, артиллерия генерал-майоры **ДОБРИНСКИЙДІҢ**, артиллерия генерал-майоры **КРАСНОКУТСКИЙДІҢ**, артиллерия генерал-майоры **МЕНТЮКОВТЫҢ**, артиллерия генерал-майоры **НИКОЛЬСКИЙДІҢ**, артиллерия генерал-лейтенанты **КУБЕЕВТИҢ**, артиллерия генерал-майоры **ПОЛУЭКТОВТЫҢ**, артиллерия генерал-майоры **ДЗЕВУЛЬСКИЙДІҢ** артиллерияшылары; авиация генерал-полковнигі **КРАСОВСКИЙДІҢ**, авиация генерал-лейтенанты **РЯЗАНОВТЫҢ**, полковник **НИКИШИННІҢ**, авиация генерал-майоры **АРХАНГЕЛЬСКИЙДІҢ**, авиация генерал-майоры **ЗАБАЛУЕВТИҢ**, авиация генерал-майоры **СЛЮСАРЕВТИҢ**, авиация генерал-лейтенанты **УТИННІҢ** ұшқыштары; инженерлік әскерлердің генерал-полковнигі **ГАЛИЦКИЙДІҢ**, полковник **ПОЛУЭКТОВТЫҢ**, полковник **КАМЕНЧУКТИҢ**, полковник **КОРДЮКОВТЫҢ**, подполковник **СКОРОХОДТИҢ**, подполковник **СОБОЛЕВТИҢ** саперлері; байланыс әскерлерінің генерал-лейтенанты **БУЛЫЧЕВТИҢ**, байланыс әскерлерінің генерал-майоры **АХРИМЕНКОНЫҢ**, полковник **ОСТРЕНКОНЫҢ**, полковник **БОРИСОВТЫҢ**, полковник **СИМХОВИЧТИҢ**, полковник **БОГОМОЛОВТЫҢ** байланысшылары көзге түсті.

Қол жеткен жеңістің хұрметіне, ПРАГАНЫ азат ету ұрыстарында өте-мөте көзге түскен құрамалар мен бөлімдер «ПРАГА» атағын беруге және ордендермен наградтауға ұсынылсын.

Бүгін, 9 майда, 20 сағатта Отанымыздың астанасы **МОСКВА** үш жүз жыйырма төрт зеңбіректен жыйырма дүркін артиллерия оғын атып, бізбен одақтас Чехословакияның астанасы **ПРАГАНЫ** азат еткен 1-УКРАИН майданының айбынды әскерлеріне Отанымыз атынан хұрмет көрсетеді.

ПРАГАНЫ азат ету ұрыстарына қатысқан Сіздердің басқаруларыңыздағы әскерлерге ұрыс қыймылдарын өте жақсы жүргізгені үшін **АЛҒЫС ЖАРИЯЛАЙМЫН**.

Отанымыздың және Чехословакия республикасының бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыстарда қаза тапқан батырлардың даңқы мәңгі өшпесін! Неміс басқыншыларға өлім келсін!

Жоғарғы Бас қолбасшы

Советтер Одағының Маршалы И. СТАЛИН.

1945 жылғы 9 май.

№ 368.

ССРО Финанс Халық Комиссариатының білдіруі

1945 жылғы 5 майда 25 миллиард сом мөлшерінде шығарылған Мемлекеттік Төртінші Соғыс Ұтыс Қарызы 7-майдың көшіне дейін 25 миллиард 0,65 миллион сом мөлшерінде таратылды.

Сонымен, ұтыс қарызының белгіленген сомасы артығымен орындалды.

Ұтыс қарызына жазылу әлі де жүргізіліп жатыр.

ССРО Финанс Халық Комиссары **А. ЗВЕРЕВ.**

1945 жылғы 8 май.

дін.

Советтік Отанымыздың ержүрек қорғаушылары біздің майдандағы батырларымыз Сіздерге сәлем жолдаймыз! Сіздер Отанымызды ғасырлар бойы өшпес даңққа белеңіздер. Сіздер большевиктер партиясы тәрбиелеп өсірген, Сталиндік мектепте тәрбиеленген генералдар басқарған Қызыл Армияның қандай керемет істер істей алатындығын дүние жүзіне көрсеттіңіздер.

Тылдың қаһарман қызметкерлері Сіздерге сәлем жолдаймыз! Сіздер теңдесі жоқ еңбек істеп, Отанымыздың даңқын арттырдыңыздар. Сіздер Ленин мен Сталин ұйымдастырған совет мемлекетінің қандай керемет істер істей алатындығын дүние жүзіне көрсеттіңіздер.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күресте қаза тапқан батырлардың мәңгі өшпес даңқын арттыра береміз. Олардың ерлік істерінен, Отанымыз үшін жанқиярлық күресінен совет халқының ұрпақтары өнеге алып, тәрбиеленеді.

Мемлекеттік Төртінші Соғыс Ұтыс Қарызының таратылуы

Облысымызда 7 майға дейін 37 миллион 612 мың сомның Мемлекеттік Төртінші Соғыс Ұтыс Қарызы таратылды. Петропавл қаласының еңбекшілері соңғы бір күнде 35 мың сомның ұтыс қарызына жазылды. Сонымен қала бойынша белгіленген бюджет мөлшері 3 миллион 225 мың сом артты.

Соғыс Ұтыс Қарызын таратуда және қарыз жарналарын қолма-қол жыйнауда Совет ауданы алда келеді. Бұл игілікті іс Петропавл селолық ауданында күннен-күнге өріс алуда. Петропавлдықтар 1 миллион 504 мың сом қаржыны мемлекеті-

мерекесінің салтанатында және күнбе-күнгі қажырлы еңбекте есте сақтаймыз.

Біз жеңістің өздігінен келмегендігі жақсы білеміз. Оған Қызыл Армия мен бүкіл совет халқының жанқиярлық еңбегі, батырлығы әскери шеберлігі арқыл қол жетті. Оны жеңімпаз большевиктер партиясы, Ленин—Сталин партиясы ұйымдастырды, бұған бізді көмеңге Сталин жеткізді.

Біздің жеңісіміздің мерекесі—бұл бостандық сүйгіш халықтардың салтанаты. Қырғыннан, фашистердің құлдығынан сақтап қалғаны үшін өздерінің қымбатты екендігін дүние жүзінің халықтары жақсы біледі.

Отанымыз жасасын, дүние жүзі халықтарының арасында олардың тәуелсіздігі мен бостандығының тірегі болып отырған Отанымыз жасасын!

Біздің ұлы сталиндік жеңісіміз жасасын!

(«Правданың» 9 майдағы бас маңаласы).

38975 сомның қарызы таратылды

Петропавл қалалық электр станциясының коллективі Мемлекеттік Төртінші Соғыс Қарызының шығарылуы жөніндегі хабарды зор қуанышпен қарсы алды.

Соғыс қарызын тарату жөнінде өткізілген жыйында электр станциясының қызметкерлері екі айлық еңбек ақылары мөлшерінде жеңіс қарызына жазылатындықтарын білдірді.

Нормовщик Белозерская екі жарым айлық табысы—875 сомның жеңіс қарызына жазылды. Сол сияқты Варейникова жолдас екі айлық табысы 1500, Бурапова жолдас 500, Имамудин жолдас 500 сомға жазылды.

Мұнда қызметкерлердің бірі қалмастан жеңіс қарызына түгел жазылып, барлығы 38975 сомның қарызын таратты.

Ұйымшылдықпен жазылды

Облыстық селхозснабтың қызметкерлері Мемлекеттік Төртінші Соғыс Қарызына ұйымдасқан түрде жазылды. Қарыз тарату жөнінде болған жыйында қызметкерлер жашай біржарым айлық табыс

мөлшерінде жеңіс қарызына жазылды. Сөйтіп олар бір айлық табыстары 7 мың сом болса, 11270 сомның облигациясы алмақ болды.

Жеңіс күнін мерекелеу

Май айының тынық түндерінің бірі. Таң қылаң беріп келе жатқан кез. Ұлттың Отанымыздың астанасы—Мосқадан тағы да бір қуанышты хабар ес-ді. Бұл ауаым жау—гитлершіл Герма-нияның батыр Қызыл Армиямыз бен Одақ-старымыздың армиялары алдында тізе-кеңдігі жөніндегі радио хабары еді.

Советтер Одағының халқы мен бүкіл-дүние жүзінің бостандық сүйгіш халықта-ы төрт жыл бойы асыға аңсап күткен-пат—жеңіс сағаты соқты. «Бостандық-сүйгіш адам баласының қас жауы—де-іс фашизм, толық талқандалды.

Еліміздің халықтары төрт жылға жуық-ақыт ішінде нелер қиын-қыстау кезең-ен өтті. Бір кезде аулым жау хасиетті-теріміздің едәуір бөлегін басып алып, тапшымыздың астанасы—Москваға төтен-олатын. Алайда, батыр халқымыз бен-рмиямыз қиыншылыққа мойымай, жі-ерлене жеңіске ұмтылды, жойқын соғыс-ын нелер ауыртпалығына төтеп беріп, өміс-фаниет басқыншыларға қарсы кү-ес жүргізе берді. Совет адамдары көмен-ер көсеміміз және қолбасшымыз Сталин-жолдастың:

—Жау талқандалаты. Біз жеңеміз!—еген дауыспандық сөзімен жігерленіп, күрестің нелер тар жол, тайғақ кешу ке-сөнінен өтті. Сөйтіп жауға қатты соққы-лар берді де оны біржолата жойды.

Жеңіс!
Ұлы жеңіске қол жеткен әрбір совет-адамының жүрегін көрнеген қуанышын-сөзбен айтып жетілеу қиыны. Әрбір ер-әйел азамат пен кәрі, жас:

—Еліміздің халықтарын жауға қарсы-күреске бастап, бізді жеңіске жеткізген-кеменгер көсеміміз Сталиннің мерейі үс-тем болсын!—дейді шаттанып.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының-Указы бойынша, совет халқының неміс-фашист басқыншыларға қарсы Ұлы Отан-соғысының жеңіспен аяқталуы хурметіне-және сөзсіз тізе бүккендігін мәлімдеген-гитлершіл Германияның толық талқандалу-мен аяқталған, Қызыл Армияның қол-жеткен тарихи жеңістері хұрметіне, 9-май бүкіл халықтық салтанат күні—же-ңіс мерекесі деп саналатын болып таға-йындалды.

9 май күні түс әлемінде Петропавл қала-сының еңбекшілері лек-легімен Октябрь-алапына жыйналды. Дәл осы күндізгі са-ғат 12де Октябрь алапына 30 мыңнан-аса адам жыйналды. Олар—батыр Қызыл-Армияға оқ-дәрі, қару-жарақ жеткізген-теміржаныштар, жеңіс қаруын шыңдап-

Бұл күні табиғаттың да мейірімі түсіп, алтын күн әлемге нұрын шашты. Күннің-нұрына және ұлы жеңістеріміздің қуа-нышына бөленген еңбекшілер бүкіл ха-лықтық салтанат күні—жеңіс мерекесін-мерекеледі.

Алаңдағылар:

Мәскеуден ең қиыр шетке тамаң,
Түстік тау, терістік теңізге,
Сайрандап, еркімен жүрер адам,
Бөлбеген кең байтақ елімізде,— деп
«Отан жырын» шырқады, музыка қуаныш-күйін шертті.

Трибунадан облысымыздың партия, со-вет, комсомол және қоғам ұйымдарының-өкілдері орын алды.

Салтанатты жыйынды Петропавл қал-алық совет атқару комитетінің председа-телі Порфирьев жолдас ашты.

—Халқымыздың көптен күткен мереке-лі күні туды. Совет халқының Ұлы Отан-соғысы жеңіспен аяқталды. Гитлершіл-Германия толық талқандалып, сөзсіз тізе-бүкті.

КК(б)П қалалық комитеті мен еңбекші-лер депутаттарының қалалық совет ат-қару комитеті атынан Сіздерді жеңіс күні-мен құттықтаймын.

Облыстық партия комитетінің секрета-рі Мельник жолдасқа сөз берілді.

—Гитлершіл Германия елімізге тұтқи-йылдан тап берген күні,—деді Мельник-жолдас,—партиямыз бен үкметіміз совет-халқын жауға қарсы күреске шақырды. Жеңімпаз Қызыл Армия жойқын ұрыстар-жүргізе отырып, тарихи жеңістерге жет-ті. Гитлершіл Германия толық талқандал-ды. Советтер Одағының халықтары бұл-жеңіске өзінің жанқиярлық еңбегімен-және ұрыс даласында төккен қанымен жет-ті. Көменгер көсеміміз Сталин жолдастың-бастылығы арқасында біз ұлы жеңіске-жеттік.

Бостандық сүйгіш адам баласын фа-шист сұрқыялардың қорғап қалған же-ңімпаз Қызыл Армиямыз жасасын!

Жеңісімізге дем беруші және оны-ұйымдастырушы большевиктер партиясы-Ленин—Сталин партиясы жасасын!

Көменгер көсеміміз Сталин жолдас жа-сасын!

Еңбекшілер депутаттарының облыстық-совет атқару комитетінің председатели-Мұстафин, ККК(б) облыстық және қала-лық комитеттері атынан Фуглева, подпол-ковник Голосов, естахановшылар Федотов, Рубаченко жолдастар және колөнершілер-мектебінің оқушысы Лункова құттықтау-

Ғалым МАЛДЫБАЕВ.

Қуан елім!

Сүйінші!.. қуан елім, қуан жүрек!
Қуаныш күнді төрт жыл жүрдің тілеп,
Жеңіспен Ұлы Отандық соғыс бітті!
Жеңілді гитлершілдер—қара түнек.

Сүйінші, жеңілді жау жүзіқара,
Жеңіске ту көтерді бүкіл дада!
Майданда балам жауды күртты деп,
Мураттан құл, сағынышты ата-ана!

Сүйінші, жас бөбектер, жеңе жеңді!
—Қулыным, бөбегім—деп әлдиледі.
Төбесі көкке тиіп шаттанды жұрт,
Той, думан қызық кернеп бүкіл елді.

Сүйінші, жеңге, келін, қарындасар!
Аға-жіңі сен де қуан барлық жастар,
Майданда туыс, досым, жарың жеңді!
Құшақ жай, қуанышты сырынды ақтар.

Ақтаған ана сүтін қызыл қыран
Туыстық сәлем саған кең даладан!
Жеңістің хұрметіңе той тойлауда
Сүйікті туған елің, ауыл—далаң.

Сендерге, қызыл сұңқар ел риза.
Сарарқа, сайлы қоныс жер риза.
Ақсақал Асықайғы аралаған
Көкшетау, Есіл, Ертіс бел риза.

Қуаныш май айымен келді бірге,
Сайрандап бұлбұл қонды орман-гүлге.
Ел жұртым, қуанышты құтты болсын!
Сайланып тағы адымда асқар белге!

Ғалым МҰХАМЕДЖАНОВ.

Құтты болсын мерекең

Жыл артынан жыл өтіп,
Күткен сағат соғылды,
Қара түнек фашистің
Қаусап барып, жығылды—

Жыл артынан жыл өтіп
Көптен күткен күн келді,
Қуаныш күйі шертіліп
Әлемді бүкіл тербеді.

Әлем дөрттен арылды
Аңдаба қанға тұншығып,
Жиһан нұрға бөленді
Шығыстан күле күн шығып.

Ажал құшып, қас дұшпан
Жер бетінен жойылды,
Желбіреп Берлин үстінде
Қызыл ту нұрға шомылды.

Герман НАГАЕВ.

Жеңіс күні

Міне келді, көптен күткен жеңіс күн.
Көрген түстей болсадағы анық-шын.
Тар жол-тайғақ кешулерді өткізіп,
Музыкаға музыкалар қосты үн.

Кұлпыр, көгер ну орман, гүлде ағаш.
Сайра, жырла жылдың құсы сандуғаш.
Халқымыздың даңқы үшін ән шырқа
Жауды жеңді көк найза мен ақ алмас.

Ғасыр бойы естен кетпес бұл күндер.
Өмір бойы ұмытпайды ел мен ер.
Алдымызда тізе бүгіп, бас иді
Тіс қайраған арам ниет қанішер.

Олар жүрді ауыздықысы адымдап,
Норвегия, Польша жерін арадап,
Франция елінде де болды олар,
Енді жүрмес, жүрсе сояу қадалар.

Тізе бүкті, қара бет боп жеңілді,
Жусаннан да аласа боп сөгілді.
Қараңғыда қанға ұмтылған тулары
Біздің ердің табанымен езілді.

Кел достарым, бақал көтер, кел көтер,
Ұлы жеңіс хұрметіне ішіндер.
Көтерелік жеңімпаздар даңқымен.
Хұрметі үшін Берлиндегі қызыл ер.

Орыс тілінен аударған
Ғ. МАЛДЫБАЕВ.
Қызылжар қаласы, 1945 жылғы 9 май.

Соғыста тізе бүгу туралы актіге қол қойылуы

БЕРЛИН, 8 май. (ТАСС-тың арнаулы-тілшісінен). Самолеттер келгеннен кейін-жарты сағаттан соң, Авиация Бас Марша-лы Теддер Советтер Одағының Маршалы-Жуковқа келіп жолықты. Теддер Маршал-Жуковты жеңіспен құттықтап, оған Бірік-кен Ұлттардың гербі тігілген ақ жібек ту-тапсырды. Советтер Одағының Маршалы-Жуков одақтастар командованиесінің өкі-лін құттықтады. Француз армиясының-Бас қолбасшысы генерал Делатр де Тассе-нның Маршал Жуковта болып, оны фанис-тік Германияны жеңіп шығумен құттық-тады. Ол де Голь мен француз халқы аты-нан Қызыл Армияны құттықтап, орыс-халқы өзінің күрес жүргізуі арқылы-Францияны азат ету ісінде зор көмек кө-сеткендігін айтты. Бұдан кейін, Маршал-Жуков авиация Бас Маршалы Теддермен-және әңгімелесті.

Болуға тиіс және жұрттың бәрі күтіп-отырған тарихи оқиға соғыс-инженерлік-училище орналасқан, Цивилерштрассе жө-не Райнштрайхштрассе көшелерінің мүйі-сіндегі қоңыр үйде болуға тиіс. Үйдің үл-кен залы ұқыпты жыйылған. Конферен-цияға қатысушылар үшін үлкен үстелдер-әзірленген. Төрт мемлекеттің—ССРОның, АҚШтың, Ұлы Британия мен Франция-ның ұлттық жалаулары залды әшекей-леп тұр.

Ымырт жабылды. Залға Советтер Ода-ғының Маршалы Жуков, авиация Бас-Маршалы Теддер келіп кірді. Олардан ке-йін, одақтас мемлекеттердің басқа өкілде-рі, делегация мүшелері келіп, өздерінің-орындарына отырды. Ұлт жалауларының-астындағы орындықтарға Советтер Одағы-ның Маршалы Жуков, Теддер, Спаатс, Вышинский, Бэрроу, Делатр де Тассинь-келіп отырды.

Ортадағы үстелге одақтас мемлекеттер-дің өкілдері, Қызыл Армияның Берлинді-алған бөлімдерді басқарған генералдары-отырды. Баспа сөз өкілдерінің үстелі жа-нынан совет және шет ел журналшылары-орын алды. Әзірше бір үстел бос тұр. Советтер Одағының Маршалы Жуков кон-ференцияға қатысушыларға арнап сөз сөй-леді.

—Мырзалар,—деді Маршал, — біздер, бұл жерге Қызыл Армияның Жоғарғы Бас-командованиесінің өкілдік беруі бойынша—Жоғарғы Бас қолбасшының орынбаса-ры Советтер Одағының Маршалы Жуков, Одақтастардың Еуропадағы әскерлерінің

Жоғарғы Бас Командованиесінің өкілдік-беруі бойынша—авиация Бас Маршалы-Теддер жыйналып отырмыз; мұнымен қа-тар осында Америка армиясының гене-рал-полковнигі Спаатс, француз армиясы-нан Делатр де Тассинь отыр. Біз Герма-ния қарулы күштерінің командованиесі-мен оның сөзсіз тізе бүгуі шартын қабыл-дау үшін жыйындық. Мен іске кірісуді-және герман командованиесінің өкілдері-осыла шақыруды ұсынамын.

Бұдан кейін Маршал: сөзсіз тізе бүгу-шартын қабылдау үшін осында немістер-дің жоғарғы бас командованиесінің өкіл-дерінің шақырындар деп бұйрық берді.

Герман армиясының генерал-фельдмар-шалы Кейтель, генерал-адмирал Фриде-бург, генерал-полковник Штумпф атқос-ныларын ертіп залға келіп кірді. Фельд-маршал Кейтель өзіне еріп келген адам-дармен бірге неміс командованиесінің өкіл-дері үшін әзірленген орынға келіп отыр-ды.

Маршал Жуков тағы да сөз сөйледі:
—Мырзалар, қазір сөзсіз тізе бүгу ак-тісіне қол қою керек болады. Мен Герма-нияның жоғарғы бас командованиесінің-өкілдерінен қолдарында акті бар ма, оны-мен танысты ма, герман командованиесі-нің өкілдері бұл актіге қол қоюға риза ма-деп сұрағым келеді.

Авиация Бас Маршалы Теддер де неміс-армиясы командованиесінің өкілдеріне-осындай сұрақ қойды. Жыйылған жұрт-тың бәрі жауап күтті. Тыныштық.

—Мен ризамын, деді баяу ғана неміс-армиясының генерал-фельдмаршалы Кей-тель, сөйтіп ол Германияның қарулы күш-терінің совет қарулы күштерінің Жоғар-ғы Бас командованиесі мен одақтастар-дың Еуропадағы әскерлерінің командова-ниесі алдында сөзсіз тізе бүгу туралы ак-тіге қол қоюға қарулы күштер командо-ваниесінің қамқоршысы және мұнымен к-тар армия қолбасшысы ретінде Кейтели-ге, соғыс-теңіз күштерінің қолбасшысы-ретінде фон Фридебургке, әуе күштеріні-өкілі ретінде Штумпфке өкілдік берге-бас адмирал Дениц қол қойған бас ста-каның документін Маршал Жуковқа тап-сырды. Хажетті ресми жағдай сақталды-Маршал Жуков Германия армиясы Жоға-рғы Командованиесінің өкілдеріне үстел жа-нына келіп, актіге қол қойды. Ұсынды-Кейтель, Фридебург және Штумпф бір-леп-соң бірі келіп, актіге қол қойды.

Егіс озаттарын а сыйлық жіберілді

Егіс егуде ауанының колхоздары екінші орында және Мамлют ауданының колхоздары үшінші орында келеді. Ленин ауданында 20631 гектар егіс егіліп, жоспар 13,9 процент орындалды. Бір күнгі өсім 936 гектар болды.

Егісте әсіресе Конохов, Булаев, Преснов және Совет аудандары артта қалды, Конохов ауданының колхоздары 3018 гектар ғана егіс егіп, жоспарды 15,1 процент ғана орындады. Егіс жөніндегі бір күнгі тапсырма 800 гектар болса, 471 гектар жерге ғана тұқым себілді. Осы сияқты Булаев ауданында 720 гектар орнына 230 гектарға ғана тұқым себілді.

Бұл аудандар бүкіл облысымызды кейінге тартып отыр. Осының салдарынан облыста егіс жоспарының 31 проценті ғана орындалды. Соңғы бір күнде 12 мың гектар орнына, 7906 гектарға ғана тұқым себілді.

Облыс колхоздарында жер жырту қарқыны әлі баяу болып отыр. Бірде-бір ауданының колхоздары жер жырту жөніндегі күнделік тапсырманы орындаған жоқ. Жер жыртуда алда келе жатыр деген Октябрь, Петропавл, Ленин аудандарының колхоздары да тапсырманы орындамады. Жер-жырту тапсырмасы Пришм ауданында 36,4, Мамлют ауданында 33,9, Совет ауданында 31,9, Преснов ауданында 29,3, Булаев ауданында 29 Соколов ауданында 28,8, Полудень ауданында 28 және Конохов ауданында 18,6 процент ғана орындалды. Булаев ауданында соңғы бір күнде 318 гектар, Полудень ауданында 217 гектар, ал Соколов ауданында 233 гектар ғана жер жыртылды. Облыста бір күнде жыртуға тиісті 8000 гектар жердің 5027 гектары ғана жыртылды.

Егіс жұмыстарындағы бұл сыяқты баяулыққа төзуге тиісті болмайды. Сондықтан облыста егіс жұмыстарының қарқынын еселеп арттырып, оны мезгілінде аяқтауға мүмкіндігіміз толық екендігін ескеруіміз керек. Сөйтіп, сол мүмкіншіліктерді толық пайдаланып, республикамыздың даңқты мерекесі атындағы бүкіл халықтық социалистік жарыста үздік табыстарға жетейік!

Совет Хабаршы бюросынан

8 МАЙДАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІ МЕТІ

8 майда 3-БЕЛОРУС майданының әскерлері ФРИШ НЕРУНГ мойнағын дұшпаннан тазарту жөнінде ұрыстар жүргізе отырып, НОЙЕ, ВЕЛЬТ, ФОГОЛЬЗАНГ қыстақтарын алды.

1-БЕЛОРУС майданының әскерлері 7 майда ЭЛЬБА өзеніне таяу жерде немістердің 7450 солдатты мен офицерін қолға түсіріп, жаудан мынадай олжа: 28 танк, 513 дала зеңбірегі, 402 пулемет, 1700 автомашина, 3700 ат, соғыс мүлкін тиеген 2200 ат-арба қолға түсірді.

1-УКРАИН майданының әскерлері екі күнгі ұрыстардан кейін дұшпанның қарсылығын жеңіп, 8 майда жолдардың маңызды торабы және немістердің Саксониядағы күшті тіренті қорғану бекінісі—ДРЕЗДЕН қаласын алды, сол сыяқты МЮГЕЛЬН, ЛОММАЦШ, МЕЙССЕН, ЛАЙСНИГ, ДЕБЕЛЬН, ХАРТА, ВАЛЬДХАЙМ, РОС ВАЙН, НОССЕН, ВИЛЬСДРУФФ, ХАЙНИХЕН, ФРАНКЕНБЕРГ, ФРЕЙБЕРГ, ГАРАНДТ, ЭДЕРАН, САЙДА қалаларын алды және ДРЕЗДЕННІҢ оңтүстік жағында Чехославания шекарасынан өтіп, Чехославания жерінде МОСТ, ДУХЦОВ, ТЕПЛИЦЕ-ШАНОВ қалаларын алды. БРЕСЛАВЛЬДІҢ оңтүстік-батыс және оңтүстік жағында майдан әскерлері ШТРИГАУ, ФРЕЙБУРГ, МЮНСТЕРБЕРГ, ОТТМАХАУ қалаларын алды.

4-УКРАИН майданының әскерлері шабуыл жасай отырып, қатты ұрыстардан кейін 8 майда МОРАВА өзеніндегі немістердің маңызды тіренті қорғану бекінісі және ірі темір жол торабы ОЛОМОУЦ қаласын алды, сол сыяқты ВЮРБЕНТАЛЬ, ЭНГЕЛЬСБЕРГ, РЕМЕРШТАДТ, БЕРГШТАДТ, МОРАВСКИЙ ШЕМБЕРГ, ХОЕНШТАДТ, ГРАНИЦЕ, ПРЖЕРОВ қалаларын алды. 7 майдағы ұрыстарда майдан әскерлері немістердің 1000нан аса солдатты мен офицерін қолға түсірді.

2-УКРАИН майданының әскерлері 8 майда Чехославанияда ЯРОМЕРЖИЦЕ қаласын Австрия жерінде қатынас жолдарының маңызды торабы және немістердің күшті қорғану бекінісі ОЛЛАБРУНН, ШТ ОНКЕРАУ қалаларын алды.

Майданның басқа учаскелерінде айтарлықтай өзгеріс болған жоқ.

1-Украин майданының әскерлері бүгін солтүстік-батыс жағында немістерге шабуыл жасап, оларды бекіністі шептерінен қуып шығарған болатын. Бұдан соң со-

мекі, қант-шай, иіс май тағы басқалары бар.

Жергілікті жерлерге барлығы 938 дана сыйлық жөнелтілді. Олардың ішінде тракторшыларға 220, трактор отрядының бригадирлеріне 27, егін бригадасының бригадирлеріне 44, колхоз председателдеріне 27, звено бастықтары мен алдыңғы

ЕҢБЕК ӨРЛЕУІ

Преснов ауданындағы «Ұзынкөл» ауыл шаруашылық артелінің мүшелері көктемгі егісті дер кезінде сапалы аяқтауға жаппай жұмылды. Егіншілер—соқашылар, тырмашылар және тұқым себушілер күнделік жұмыс мөлшерін үнемі артығымен орындауда. Таңдаулы колхозшылар Еділбаева, Жиенбаева, Қасенова және Қ. Қасенов жолдастар еңбек үлгісін көрсетуде.

Тракторшылар республикамыздың 25 жылдығы атындағы бүкіл халықтық социалистік жарысты өрістетте отырып, ең

ның бригадирлері үшін 70 және егін бригадасының бригадирлері үшін 27 сыйлық бар.

Көктемгі егіс жұмыстарының озаттарына жіберілген бұл сыйлықтар барлық колхозшыларды, тракторшыларды және совхоз жұмысшыларын жанқиярлық еңбекке ынталандыра түседі.

бек өнімін арттыруда. Тракторшы Е. Базарбаев және Қ. Баязитов жолдастар күн сайын 4 гектар орнына 4 жарым гектардан жер жыртып келеді.

—Көмеңгер көсеміміз,—дейді колхозшылар,—бізді қажырлы қайратпен еңбек істеуге шақырды. Көсеміміздің шақыруына егісті ойдағыдай аяқтаумен жауап береміз.

М.НҮРТАЗИН,
Ш. ТІЛЕГЕНОВ.

біз Чехославания шекарасынан өтіп, Чехославания жеріне кірді, сөйтіп Мост, Духцов, Теплице-Шанов қалаларын неміс басқыншылардан азат етті. Теплице-Шанов қаласы Чехославанияның астанасы—Прагадан 70 километр жерде.

4-Украин майданының әскерлері шабуыл жасауда болды. Совет бөлімдері дұшпанды аралық шептерден түріп шығарып, жаудың тіректі бекіністердегі гарнизондарының қарсылығын жеңе отырып, 20 километр алға басты. Немістердің Морава өзені бойындағы қорғанатын маңызды торабы—Оломоуц қаласы үшін кескілескен ұрыстар болды. Жауынгерлеріміз дұшпанның қорғанатын бекіністерін бұзып өтіп, қаланың көшелеріне басып кірді. Гитлершілдер тас үйлерге бекінді, алайда олар әскерлеріміздің қауырт соққыларына төтеп бере алмады. Күн кешкіре немістердің ірі гарнизоны талқандалып, Оломоуц қаласы дұшпаннан тазартылды. Қаланың іргелерінде және оның көшелерінде жаудың көптеген өліктері қалды. Жаудан 13 паровоз, жүк тиеген 378 вагон және басқа олжа қолға түсірілді.

Қызылтулы Балтық Флотының авиациясы Борн-Хольм аралының порттарында дұшпанның 4 транспорты мен 1 күзет кемесін суға батырды.

2 айлық табысына жазылып, барлық қызметкерлерді қарызға осы мөлшерде жазылуға шақырды.

Қоляга жолдастың бастамасын коллектив мүшелері қызу қолдап, біржарым

ЛЕКЦИЯ ОҚЫЛДЫ

Жақын арада Мамлют ауданының колхозшылары совхоз және МТС жұмысшылары арасында «Халық аралық жағдай», «Балаларды үйде және мектепте қалай тәрбиелеу керек», «Жер үстінде өмір қа-

және басқа да көптеген қызметкерлер екі айлық табыстарын жеңіс қорына берді. Сөйтіп, мұнда бір айлық табыс қоры 13905 сом болса, 21290 сомның соғыс қарызы таратылды.

лай пайда болған» деген тақырыпта лекциялар оқылды.

Лекцияны аудандық әдіс кабинетінің лекторлары Голованов, Кузнецова және Табасаранский жолдастар оқыды. Лекцияны еңбекшілер зор ынтамен тыңдады.

Бономидің Солтүстік Италияның Ұлтты азат ету Комитетінің өкілдерімен әңгімелесуі

ПАРИЖ, 7 май. (ТАСС). Франс Пресс агенттігі Римнен мынадай хабар берді:

Бономидің солтүстік Италияның Ұлтты азат ету Комитетінің өкілдерімен әңгімелесуі кезінде, өкілдер фашизмге қарсы партиялар одағының жаңа үкметін құру жайында бес түрлі талап қойды. Ұлтты азат ету Комитетінің өкілдері атап айтқанда мынадай талаптар қойды:

Саяси істер сыяқты, әкімшілік және экономикалық істерге де тазалау жүргізу;

Ұлтты азат етудің аудандық, облыстық комитеттері арасындағы «демократиялық рух» қарым-қатынасты шешу;

Экономикалық қайта құру жоспарын

орындау және бұл үшін бүкіл халық бөлім үлес қосу;

Ауыл шаруашылық реформасын жүзеге асыру;

Фашизмнен де, фашистіліктен де азат, ұлтшылдыққа мүлде жанаспайтын сыртқы саясат, барлық елдермен ын-мақтасып іс етуді қамтамасыз ететін саясат жүргізу.

Солтүстік Италияның Ұлтты азат ету Комитетінің өкілдері, мұнымен қатар оңтүстіктегі аудандарға қарағанда заңдар неғұрлым демократияшы болған солтүстікте қабылданған заңдарды бұлжымас заң деп тануды талап етті.

Германияның бұрынғы Финанс министрі Шахтты тұтқынға ал

НЬЮ-ЙОРК, 7 май. (ТАСС). Юнайтед Пресс агенттігінің Америка армиясымен бірге жүрген тілшісінің хабары бойынша, американ әскерлері Австрия шекарасы ма-

ңында Италияның Альба қаласын алып онда Германияның бұрынғы финанс министрі Шахтты қолға түсірген.

Герман фельдмаршалы фон Боктың өлігі табылды

ЛОНДОН, 6 май. (ТАСС). Ағылшын әскерлерінің бұдан екі жыл бұрын германияның шығыс майданындағы әскерлерінің қолбасшысы болған фельдмаршал фон Боктың өлігін тапқандығын Рейтер агенттігі хабар етті. Фон Бок ағылшын истребительдерінің кері шегініп бара жатқан герман колоннасын атқылауы кезінде өлтірілген.

Ет комбинатының жұмысшыларды жабдықтау бөлімінің көмекші шаруашылығына мал дәрігері, зоотехник маман етікшілер, машинашылар КЕРЕК.

Адрес: Петропавл қаласы, ет комбинаты. Таң ертеңгі сағат 9-дан бастап, кешкі сағат 6-ға дейін келіп жолығуға болады.

Муссолини мен оның тобырының тонап алған алтыны мемлекет пайдасына алу

РИМ, 3 май. (ТАСС). Муссолини және оның сыйбайластарынан оларды тұтқынға алу кезінде 50 миллион лир соманың алтын ақшасының мемлекет пайдасына алынғандығын «Лаворо» газеті хабар етті.

Жауапты редактор
В. ОСПАНОВ.

Облыстық сауда бөлімінің № 4 дүкенін түпкілікті жұмысқа бухгалтерлер, слесарьлар, етікшілер, жүк тасушылар, үй сыпырушылар, қора сыпырушылар атшылар және үйренушілер КЕРЕК.

Адрес: Ленин көшесі, 2-үй. ОБЛЫСТЫҚ САУДА БӨЛІМІНІН № 4 ДҮКЕН